

Алматы қаласында салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 2/280 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 22 маусымда № 1488 болып тіркелді . Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 05 қарашадағы № 4/605 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы қаласы әкімдігінің 05.11.2019 № 4/605 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 529 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласында салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен ресми мерзімді басылымдарда және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.А. Жүнісоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бекітілген жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі

Алматы қаласының әкімі

Б. Байбек

Алматы қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 31 мамырдағы
№ 2/280 қаулысына қосымша

№	Алматы қаласында салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймақ коэффициенті
1. Алатау ауданы		
1	Саяжай алаптары: Радуга, Теплоэнергетик, Энергетик және Алма.	1,0
2	Шағынаудандар: Ұлжан-2, Трудовик және Көк-Қайнар.	1,15

3	Шағынаудандар: Құрылысшы, Ұлжан-1, Байбесік, Шаңырақ-1, Шаңырақ-2, Өжет, Дархан, Қарасу, Рахат, Саялы, Боралдай, Көкөзек, Алғабас, 71-разъезд және Теректі. Шекаралары: Райымбек даңғылының солтүстігі, Рысқұлов даңғылының оңтүстігі, Кудерин көшесінің батысы, Саин көшесінің шығысы.	1,25
4	Шағынаудандар: Заря Востока, Ақбұлақ, Айгерім-1, Айгерім-2, Түркістан және Ақкент.	1,3
2. Алмалы ауданы		
1	Шекаралары: Райымбек даңғылының оңтүстігі, Төле би көшесінің, Гоголь көшесінің және Мақатаев көшесінің солтүстігі, Үлкен Алматы өзенінің шығысы, Есентай өзенінің батысы.	1,3
2	Шекаралары: Есентай өзенінің батысы, Сейфуллин даңғылының шығысы, Райымбек даңғылының оңтүстігі, Мақатаев көшесінің солтүстігі.	1,4
3	Шекаралары: Үлкен Алматы өзенінің батысы, Розыбакиев көшесінің шығысы, Төле би көшесінің оңтүстігі, Абай даңғылының солтүстігі.	1,5
4	Шекаралары: Мақатаев және Гоголь көшесінің оңтүстігі, Төле би көшесінің және Гоголь көшесінің солтүстігі, Сейфуллин даңғылы мен Байтұрсынов көшесінің шығысы, Әуезов көшесінің және Байзақов көшесінің батысы.	1,6
5	Шекаралары: Төле би көшесінің оңтүстігі, Абай даңғылының солтүстігі, Байтұрсынов көшесінің батысы, Розыбакиев көшесінің шығысы.	1,7
	Шекаралары: Райымбек даңғылының оңтүстігі, Мақатаев көшесінің солтүстігі, Назарбаев даңғылының батысы, Сейфуллин даңғылының шығысы.	
6	Шекаралары: Мақатаев көшесінің және Гоголь көшесінің оңтүстігі, Абай даңғылының солтүстігі, Назарбаев даңғылының шығысы, Байтұрсынов көшесінің және Сейфуллин даңғылының батысы.	1,8
3. Әуезов ауданы		
1	Райымбек даңғылының оңтүстігі, Жандосов көшесінің солтүстігі, Үлкен Алматы өзенінің батысы, Саин көшесінің шығысы шекараларында. Шекаралары: Райымбек даңғылының оңтүстігі, Шаляпин көшесінің солтүстігі, Сәдуақасов көшесінің және Баянауыл, Ақсай- 3Б шағынаудандарының батысы, Қарғалы өзенінің шығысы.	1,3
2	Шекаралары: Жандосов көшесінің оңтүстігі, Рысқұлбеков көшесінің солтүстігі, Саин көшесінің шығысы, ауданның шығыс шекарасының батысы. Шекаралары: Райымбек даңғылының оңтүстігі, Абая көшесінің солтүстігі, Саин көшесінің батысы, Сәдуақасов көшесінің және Баянауыл, Ақсай- 3Б шағынаудандарының шығысы. Абая көшесінің оңтүстігі, Шаляпин көшесінің солтүстігі, Сәдуақасов көшесінің шығысы, Саин көшесінің батысы шекараларында орналасқан көппәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлер.	1,4
3	Шекаралары: Шаляпин көшесінің оңтүстігі, Саин көшесінің батысы, ауданның шығыс және оңтүстік шекараларына дейін. Абая көшесінің оңтүстігі, Шаляпин көшесінің солтүстігі, Сәдуақасов көшесінің шығысы, Саин көшесінің батысы шекараларында орналасқан жеке тұрғын үйлер.	1,7
4. Бостандық ауданы		
1	Алма-Арасан шатқалында және 2014 жылы Алматы қаласына қосылған аумақтарда орналасқан саяжай алаптары.	1,2
2	Шекаралары: Үлкен Алматы өзенінің батысы, Рысқұлбеков көшесінің солтүстігі, Саин көшесінің шығысы, Әл-Фараби даңғылының оңтүстігі. Қазақфильм және Орбита шағынаудандарындағы көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері.	1,5
3	Шекаралары: Жандосов көшесінің солтүстігі, Абай даңғылының оңтүстігі, Розыбакиев көшесінің батысы, Үлкен Алматы өзенінің шығысы.	1,6

4	Шекаралары: Әлмерек көшесінің оңтүстігі, Нұрлытау шағынауданының солтүстігі, Жайлау шағынауданының батысы, Дулати көшесінің шығысы. Шекаралары: Абай даңғылы мен Жандосов көшесінің оңтүстігі, Тимирязев көшесі мен Әл-Фараби даңғылының солтүстігі, Үлкен Алматы өзенінің шығысы және Жароков көшесінің, Нұрлытау шағынауданының батысы.	1,8
5	Шекаралары: Абай көшесінің оңтүстігі, Әл-Фараби даңғылының солтүстігі, Есентай өзенінің шығысы және Назарбаев даңғылының батысы.	1,9
6	Шекаралары: Тимирязев көшесінің оңтүстігі, Әл-Фараби даңғылының солтүстігі, Есентай өзенінің батысы, Жароков көшесінің шығысы, Бағанашыл, Бәйшешек, Хан тәңірі, Мирас, Ерменсай, Ремизовка шағынаудандары.	2,0
5. Жетісу ауданы		
1	Шекаралары: Палладин көшесінің солтүстігі, ауданның солтүстік шекарасының оңтүстігі, Солтүстік айналым шоссесінің шығысы, Жансүгіров көшесінің батысы. Шекаралары: Рысқұлов даңғылының солтүстігі, Солтүстік айналым шоссесінен шығысқа, Серіков көшесінің оңтүстігі, Жансүгіров көшесінің батысы. Шекаралары: Казаков көшесінің, Тобаяқов көшесінің солтүстігі, Павленко көшесінің шығысы, Рысқұлов даңғылының оңтүстігі, Сүйінбай даңғылының батысы.	1,1
2	Шекаралары: Райымбек даңғылының солтүстігі, Рысқұлов даңғылының оңтүстігі, Кудерин көшесінің шығысы, Павленко көшесінің батысы. Шекаралары: Райымбек даңғылының солтүстігі, Рысқұлов даңғылының оңтүстігі, Сүйінбай даңғылының шығысы, Кіші Алматы өзенінің батысы. Шекаралары: Серіков көшесінің солтүстігі, Солтүстік айналым шоссесінің шығысы, Палладин көшесінің оңтүстігі, Жансүгіров көшесінің батысы, Құлагер, Айнабұлақ, Көкжиек шағынаудандары.	1,2
3	Шекаралары: Райымбек даңғылының солтүстігі, Павленко көшесінің шығысы, Казаков көшесінің, Тобаяқов көшесінің оңтүстігі, Сүйінбай даңғылының батысы.	1,3
6. Медеу ауданы		
1	Сұлусай шағынауданы. Ауданның басқа жазылмай қалған аумағындағы саяжай алаптары.	1,2
2	Медеу, Шымбұлақ шатқалдары. Бутаковка шағынауданы. Горная көшесі.	1,3
3	Көлсай шағынауданы.	1,4
4	Алатау шағынауданы орналасқан көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері.	1,5
5	Шекаралары: Сарсенбаев көшесінің, Мәдениет және демалыс орталық саябағының, хайуанаттар бағының солтүстігі, ауданның батыс, солтүстік және шығыс бөліктері.	1,6
6	Шекаралары: Таусамалы шағынауданы (Каменское плато, Түркісіб) және Оспанов көшесінің оңтүстігі, Аққайың шағынауданының солтүстігі, Кербұлақ пен Олимпийская көшесінің шығысы, Горная көшесінің батысы.	1,7
7	Шекаралары: Райымбек даңғылы, Кіші Алматы өзені, Мәдениет және демалыс орталық саябағы, хайуанат саябағы, Орманов көшесінің оңтүстігі, Абай және Әл-Фараби даңғылының солтүстігі, Назарбаев даңғылы және Достық даңғылының шығысы, Шығыс айналма авто жолының батысы.	1,9
8	Шекаралары: Ауданның батыс шекарасының шығысы, Абай даңғылының оңтүстігі, Аққайың шағынауданы (Түркісіб, Каменское плато) және Оспанов көшесінің, Оңдасынов көшесінің солтүстігі, Көлсай шағынауданының батысы.	2,0
7. Наурызбай ауданы		
1	Таужолы шағынауданы, Таужолы шағынауданының шығысындағы саяжай алаптары.	0,85

2	Шағынаудандар: Абай, Алатау, Бұлақты, Достық, Мамыр, Тұлпар, Шұғыла (жеке тұрғын үйлер), Қарағайлы шағынауданының оңтүстігіндегі және Жайлау шағынауданының батысындағы саяжайлар.	1,25
3	Шағынаудандар: Қалқаман-2, Тастыбұлақ, Ақжардағы жеке тұрғын үйлер және саяжайлар.	1,3
4	Шағынаудандар: Қарағайлы және Шұғыла. Қалқаман шағынауданында орналасқан көппәтерлі тұрғын үйлеріндегі пәтерлер.	1,4
5	Шағынаудандар: Таусамалы және Каменка-3.	1,6
6	Жайлау, Қарғалы, Құрамыс шағынаудандарында орналасқан көппәтерлі тұрғын үйлеріндегі пәтерлер. Жайлау, Қарғалы, Құрамыс шағынаудандарында орналасқан жеке тұрғын үйлер мен саяжайлар.	1,8
7	Рахат шағынауданы.	2,0
8. Түркісіб ауданы		
1	Шекаралары: Зенкович, Свободная, Бекмаханов, Майлин және Бухтарминская көшесінің солтүстігі, ауданның солтүстік, батыс және шығыс шекарасына дейін.	1,0
2	Шекаралары: Жансүгіров көшесінің шығысы, Сүйінбай даңғылының батысы, Рысқұлов даңғылының оңтүстігі, Станционная көшесінің солтүстігі.	1,1
3	Рысқұлов даңғылы солтүстігі, Сүйінбай даңғылының шығысы, Қайрат шағынауданының батысы, Заславский көшесі мен Жас қанат шағынауданының оңтүстігі. Шекаралары: Станционная көшесінің солтүстігі, Зенкович көшесінің оңтүстігі, Жансүгіров көшесінің шығысы, Свободная көшесінің батысы, Қайрат шағынауданы.	1,2